

Атырау қаласын ұзақ мерзімді дамыту стратегиясы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 446. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Атырау қаласының өнеркәсіп, көлік және әлеуметтік-мәдени салаларын серпінді дамытудың проблемаларын шешу және оның инфрақұрылымын дамыту үшін қосымша инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігінің (USAID) қатысуымен Атырау облысының әкімі әзірлеген 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған Атырау қаласын ұзақ мерзімді дамыту стратегиясы, оны жүзеге асыру үшін қажет инвестицияларды тартудың ұсынылған схемасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Экономика министрлігімен және Атырау облысының әкімімен бірлесіп 1997 жылғы республикалық бюджетті жасау кезінде және одан кейінгі жылдары Стратегияның бүкіл іс-қимылы кезеңінде алғашқы кредиттерді төлеу үшін кірістердің бір бөлігін пайдалану қажеттігін ескере отырып, Атырау облысы бойынша республикалық бюджетке жалпы мемлекеттік салықтардан тұрақты аударымдар жасау тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, басқа да мүдделі ортақ атқарушы органдары Стратегияда көзделген жобаларды жүзеге асыру кезінде халықаралық банк мекемелерінің қажетті инвестицияларды бөлуіне практикалық көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі